

Г.Б.Исабекова, Қ.Т.Атемова

*Қ.А.Иассауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан  
(E-mail: atemova\_kalipa@mail.ru)*

## **Ұлттық мәдени орта жағдайындағы көп тілді тұлғаны қалыптастыру**

Мақалада ұлы қазақ даласында дүниеге келіп, артында өшпес із қалдырған ірі тұлғалар өмірінің өнегесі мен мұраларына педагогикалық сипаттама беріле отырып, олардың тұлғалық болмысындағы көпмәдениеттілігі, көптілділігі көріністері баяндалады. Ұлы тұлғалар әл-Фараби, Ж.Баласағұн, М.Қашқари, Қ.А.Иассауи, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин және тағы басқа тұлғалар еңбектері мен өсиеттерінің туындауына олар өмір сүрген ортаның ықпалы мен тілдік шеберліктерінің нәтижесі ретіндегі туындыларына сипаттамалық талдау жасалды. Ірі тұлғалар өмірі мен еңбектеріндегі идеялары ұрпақтар сабақтастығы барысындағы адамзат қоғамының дамуына өзіндік із қалдырып, бір-бірінен кейін жалғасын тауып жатқан мұраларының маңыздылығы сипатталды. Ұлттық мәдени ортаның тұлға қалыптастыруға қаншалықты ықпалының болғандығы олар болмысының ерекшеліктеріне тоқталу арқылы баяндалды. Сонымен қатар көптілді білудің көпмәдениетті игеруге тікелей негіз болатындығы сөз болады.

*Кілт сөздер:* тұлға, көптілділік, халықтық дәстүр, өмірлік танымдар, педагогикалық мұра, педагогикалық ойлар, мәдени орта, қалыптастыру, нормалар, халықтық ерекшеліктер.

Өткен ғасырлардағы ғалымдар мен ойшылдардың тарихи-педагогикалық идеяларын қарастыра келе, адам белгілі бір ұлтқа, қоғамдық қабатқа, мәдени дәстүрге, тарихи кезеңге қатысты болады, демек, ол әрқашан белгілі ұлттық топ өкілі болып қала береді деген қорытынды жасауымызға болады.

Адам өз өмірінің алғашқы сәттерінен бастап (оқушы кезін қосқанда) ешқандай бөлініп кете алмайтын арнайы мәдени дәстүрді игереді. Бұл аспект жоғары сынып оқушылары мінез-құлқының әлеуметтік-этикалық нормаларына да қатысты, адамның рухани дүниесі мектепте ғана қалыптаспайды, олар бастапқыда отбасылық дәстүр мен ортадан нәр алады. Мамандардың пікірінше, дұрыс мақсатты мектептегі оқыту жетістікке жетудің басты алғышарты ретінде тұлғаның адамдық рухының жоғары көрінісі болып табылатын ең терең қатпарларын аша білуі тиіс [1, 2]. Бұл дегеніміз — оның еңбек, азап, уайым, қоғамдық ізгіліктер, халықтық дәстүрге негізделген күнделікті тұрмыстағы тәжірибе, достықтағы, т.б. сәтсіздіктен жинақтаған тәжірибесі, өнер мен поэзияны сезінудегі, діни және ұлттық мерекеге терең берілудегі әсері жинақталатын күнделікті тұрмысы мен өмір сүру жағдайына үлкен көңіл бөлу қажет екендігін білдіреді.

Қазақ халқының көшпенді тіршілігінен туындайтын ешкімге ұқсамайтын әлеуметтік-экономикалық, мәдени-тарихи, табиғи-климатты жағдайларының ерекшеліктерінде ұлттық сипат жинақталып, бала мен жастарды тәрбиелеу мен оқытуда өзіндік талаптары көрініс тапқан. Осы орайда С.Темірбеков былай деп жазады: «Ұлттық сипат — бұл халықтық ұлттық өзгешеліктері, ол халықтың мінез-құлқы, іс-әрекет, қимылында, әсерленуі мен сезінуінен, сөйлеуі мен мәнерінен, тіпті адамдардың бір-бірімен және басқа халықтармен өзара қарым-қатынасынан, әңгімелесу ерекшеліктерінен көрініс табады [3; 34].

Бұдан біз С.Темірбековтың халықтың негізгі құндылығы деп ұлттық сипатты бағалайтындығын көреміз. Ғалымның пікірінше, қазақтардың ұлттық сипатының қалыптасуындағы шешуші рөлді ұлан-байтақ дала, көшпенді өмір сүру ғұрыптары атқарды. Ұлы далада ғұмыр кешкен халқымыз киіз үйде тұрып-ақ, өзіндік материалдық және рухани мәдениетке, өзіндік тұрмысқа, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарға ие болғандығын білеміз. Көшпенді өмір тіршілігі оларды жаратылысты өзінше тануға қалыптастырды. Дегенмен, қазақ халқының басты ұлттық құндылықтарын тізбелей отырып, зерттеуші олардың ішінде басқа халықтардың мәдени құндылықтарына бейімделу мүмкіндігін де ерекшелеп сипаттайды. Ол өз еңбегінде үнемі өзгеріп отыратын тіршілік әрекетіне бейімделуінің зор әлеуеті туралы пікірін айтады. Ол халықтың мұндай ерекшелігі тұрмыстық жағдайлардан туындаған деп санайды. «Біріншіден, — деп жазады ол, — шығыс халықтары бастапқыда табиғатпен етене жақын болды. Егер Батыста адамдар табиғатты өзіне бағындыру, өзіндік қажеттіліктерін өтеу үшін оған үнемі шабуыл жасаса, Шығыста адамдар табиғатпен ортақ тіл табыса білуге, оның тылсым сыйларын оған залал келтірмей пайдалануға ұмтылды. Бұл жағдайда табиғатқа адамдар бағынышты

болмай, керісінше, табиғат оларға қызмет етті. Біздің ата-бабаларымыз да осындай болған» [3; 57], — деп тұжырымдайды.

Қазақтардың ұлттық сипатының үлкен ерекшеліктерінің бірі — басқа халықтарға да тән — қонақжайлық. Дегенмен, қазақтардың қонақжайлылығы дарқандықпен ұштасатын, ерекше жомарттықпен көрінетіндігін атап айтуымыз қажет. Қонақжайлылықтың қалыптасуы шексіз далада бір-бірінен өте жырақта орналасқан және үй шаруашылығына жіпсіз байланған халқымыз үшін қонақтың барлық уақытта сыртқы әлемді танудың, басқа адамдармен араласып, қарым-қатынас жасауына мүмкіндік беруімен байланысты болды. Бұл — ақпарат көзі, жалғыздықтан құтылудың, Жаратушыдан қол үзіп қалмаудың, өзіндік жинақталып қалған ой-көзқарастарымен бөлісудің, жан дүниесін актарудың мүмкіндігі болды.

Жоғарыда келтірілген мысалдар көп мәдениеттіліктің негізгі бастауларын қазақ тілінің шығуы мен халықтың өткен тарихынан іздеу дұрыс болатындығын айғақтайды. Қазіргі қазақтардың бұрынғы ата-бабалары жазып қалдырған Орхон-Енисей немесе ерте түркі руникалық жазбалары деп аталатын жазудың ерте үлгілерінің қалдықтарына жасалған археологиялық зерттеулерге жүгінсек те жеткілікті. Осылардың ішінде шамамен VI ғасырда өмір сүрген Білге қаған мен оның қолбасшы ағасы Күлтегінге арнап тасқа қашалған жазба ескерткіш анағұрлым белгілі болып саналады. Осы тастардың біріне Түркі қағанаты кезінде өмір сүрген ертедегі көшпенділердің ерліктері, тұрмысы, мәдениеті туралы жазылып, мәліметтер берілуі шындығында қызықты.

Бірақ осы ертедегі жазуларда әсіресе бейбітшілік пен келісімнің, көп мәдениеттіліктің, халықтың аман-саулығы ерекше дәріптеліп, қызыл жіптермен жүргізілгендігін атап айту қажет. «Мен түркі халқы үшін түнде ұйықтамадым, күндіз отырмадым. Халықты бейбіт өмірге шақырдым және жауластырмадым, олардың бәрі маған бағынды» [4; 8], — деп ел қамы үшін жан аямай, тер төккенін айтады. Одан кейін де қазақтың кең даласында небір тұлғалар дүниеге келіп, ел игілігі жолында аянбай еңбек еткені тарихтан белгілі.

Дала төсінде орналасқан көшпенді және жерге иелік еткен мыңдаған тұрғыны бар, сол кезеңдегі ірі сауда орталықтарының бірі көне Отырардан әл-Фараби секілді ойшыл-философтың шығуы кездейсоқтық емес. Жалпыадамзаттық мәдениеттегі көшпенді қыпшақтардың белсенді үлгісі ретінде 870–950-жылдары өмір сүрген әл-Фараби секілді ірі ғалымның өмірі мен гуманистік идеяларға толы қызметін атауға болады. Ғалым өмірі көпқырлы және «Мемлекеттік қайраткерлерінің қанатты сөздері», «Бақытқа жету жолында», «Дін туралы трактат», «Қайырымды қала тұрғындары туралы» және басқа да трактаттарында көрініс тапты. Әл-Фараби орта ғасырларда білімнің барлық саласында мол мұра қалдырып, Аристотельден кейінгі Екінші ұстаз атанды [5; 161].

Әл-Фарабидің өмірі мен шығармашылық қызметі бізге көп мәдениетті немесе көптілді тұлға қалыптастырудың педагогикалық мүмкін екендігін дәлелдеп берді. Бұл жерде әл-Фарабидің тек туған жері Отырардың ғана емес, анағұрлым кең мәдени дәстүрлерді игергендігін атап өткен маңызды. Олай болмаған жағдайда оның есімі барлық адамзатқа танымал бола алмас еді. Ең алдымен ол өзінің туған халқының мәдени құндылықтарына бейімделіп, терең меңгеріп, содан кейін ғана өзінің танымдық қызметін анағұрлым кең мәдени сипатқа ие — араб тіліне ден қойып, таныды. Мұсылман әлемінде жалпы мойындалған араб тілі оған ғылым шыңына шығуына мүмкіндік берді. Әсіресе бүгінгі таңда әл-Фараби саяхаттары оның халықтық қарым-қатынастарының шегін айқындап, бірден көптеген тілдерді табиғи меңгергендігін айғақтайды. Сондай-ақ сол кездегі Отырар орта ғасырдағы Қазақстан үшін тек жалғыз мәдени ошақ емес еді.

Қазіргі таңда тарихшылар, философтар, әлеуметтанушылар мен мәдениеттанушылар Отырар секілді Сығанақ, Тараз, Түркістан, Меркі, тағы басқа қалаларда өнер мен ғылым, мәдениеттің, шаруашылықтың белсенді дамып, ерте түркі жазуының қалыптасуы өзара мәдени байланыстарды қалыптастыруға, адамдарға жалпыхалықтық құндылықтар шеңберінде ортақ әрекет етуге мүмкіндік бергендігін дәлелдеуде. Бұл жерде X–XI ғасырлардағы Оңтүстік Қазақстанның мәдени дамуының негізгі ерекшеліктері жалпыадамзаттық мәдениетке ұмтылу, араб, грек, үнді мәдениеттерінің жетістіктерін кең тұрғыда сезіну болғандығын ескерткен жөн. Әл-Фарабидің көптеген шығармаларынан «Философиялық трактаттар», «Әлеуметтік-этикалық трактаттар», «Музыка туралы» және т.б.) бұл өңір өкілдерінің әмбебап, энциклопедиялық ойлау қабілетіне ие болғандығын байқауға болады. Ибн-Сина, Бируни, Хорезми, Дулати және т.б. секілді әл-Фараби ізбасарлары болған көптеген ғалымдар ұлы өркениетіне жетудің үлгісін көрсетіп, жаңа ілімдер қалыптастыруы да кездейсоқтық емес.

Әл-Фараби арқылы барлық араб Шығысы ерте грек философиясын ана тілінде оқуға мүмкіндік алып, риторика мен шешен сөйлеудің ерекшеліктерін, өлең құрамын, жалпы айтқанда, жан-жақты білімділіктің ажырамас сапасына айналған біліммен қаруланды.

Ғалым адамның өз алдына қойған мақсатына жету үшін біліммен қатар басқа адамдармен жақсы қарым-қатынас жасай алуы, тәжірибе жинап, тұлғааралық байланыстар жасау қабілетіне ие болуы тиіс деп санады. Қаланы әл-Фараби жай ғана қоныс, тұрғын жер деп түсінбей, оны адамдардың мәдени топтары, мемлекет мағынасында қолданады. «Парасаттылықты адамдармен өзара қарым-қатынас тәжірибесімен келетін ұлы күш» деп сипаттады [5; 78].

XI–XII ғасырларда Жүсіп Баласағұн, Махмуд Қашқари, Ахмед Иүгінеки, Қожа Ахмет Ясауи, тағы басқа этикопедагогикалық трактаттары кең таралды. Бізге алғаш жеткен Орта Азия мен Қазақстанның түркі тілдес халықтарға ортақ мұра болып саналатын, сол кезеңдегі діни әдебиет ескерткіші — Ж.Баласағұнның «Құтты білігі» болды. Бұл трактатты зерделеу арқылы еңбектің тек адам өміріндегі білімнің рөлі мен бақыт туралы ойлауға ғана арналмағанын айқындадық. Сонымен қатар ең алдымен қоғамның түрлі топтары өкілдерімен қарым-қатынас жасау өнетін жан-жақты мазмұндауымен құнды. Ал, бұл ұлтқа, түрлі халықтың өкілдерімен қарым-қатынас жасап, сыйлау, адамшылық көрсете білуді талап ететін оқушының көп мәдениеті құзырлылығын қалыптастырудың алғышарты болды.

Бұл, ойшыл пікірінше, түрлі мәдениеттердің өзара сыйластығы, бейбітшілік пен келісім үшін іргетастың қалануына мүмкіндік береді. Ойшыл бұл тұрғыдағы тұжырымдарын «Сыйластық пен құрметті» танығың келсе, адамдарды сыйластық пен құрмет етуге ұмтыл», — деген нақыл сөзімен қорытады.

Ж.Баласағұн ұлы ойшыл ретінде адамдарды ашықтыққа, айналамен қарым-қатынас жасауда шынайы болуға үгіттеді. «Сөйлегенде сөзің ұнамды, жүзің ашық болсын» идеясы бүгінгі таңда да өз өзектілігін жоймай келеді [6].

Бұған қоса Қазақстан ғылымы дамуында ұлы дала ойшылы, «Диуани-лұғат-ат-түрк» атты ертедегі түркі ескерткішінің авторы М.Қашқариді атап кеткен жөн. Еңбек 1804 жылы Венгр ғылым академиясында тұңғыш жарияланды. Сөздікті кезең энциклопедиясы деп санауға болады. «Түркі тілінің сөздігі» — Орта ғасырдағы Азия мен Қазақстан халықтары достастығы, әлеуметтік және мәдени өмірінің түрлі салалары туралы алғашқы деректер көзі [7].

Қазақстанның орта ғасырлардағы тарихында XII ғасырда өмір сүрген ақын, ойшылы А.Иүгінекидің өмірі мен қызметі үлкен маңызға ие. Ахмед Иүгінеки өз уақытында адамдық идеясын көрсете алады. Бейбітшілік пен келісімнің, жас ұрпақ тәрбиесінде өзінің ақыл-ойымен дараланды. «Адамның жүрегін қайырымды істеріңмен жаулап алу үшін өмір сүр» қанатты сөзі бүгінде де өскелең ұрпақ тәрбиесінде зор маңызға ие [4; 78].

Өзінің «Ақиқат сыйы» атты тәлімдік поэмасында сол кездегі адамның моральдық-этикалық ерекшелігін атап қана қоймай, пайдалы кеңестер береді. Өскелең ұрпақты тәрбиелеу мен адамның мінез-құлқын басқару, жағымсыз жақтарын өзгертуде адамның сабырлы болуы қажеттігін, ізгі істер атқаруы тиіс екенін жеткізеді. «Қайғы-азап өтеді, сабырлы бол, бақыттың келуін күт» деп тұжырымдады [4; 81].

Сопылық поэзия өкілі, ақын, XII ғасырларда өмір сүрген А.Ясауидің де өмірі мен қызметінің маңызы зор болды. Өзінің «Диуани хикмет» («Даналық кітабы») атты трактатында адамгершілік тұрғыда жетілу жолдарын нұсқап, достықта сабырлы болуға, жан тазалығына шақырды. «Барлығымен достық қатынаста бол, олар үшін өзінің таза жаныңды құрбан ет» деді [8].

Айтылғандармен қатар, осы кезең ескерткіші, мол мұрасы деп XIV ғасырда өмір сүрген С.Сараи өмірі мен шығармашылығын атауға болады. Ақын-лирик, жазушы-аудармашы этика-педагогикалық мазмұнды насихаттауда үлкен орын алды. Оның поэмалары қызықты қанатты сөздерге толы болды. «Егер бірлесе әрекет етсе, құмырсқа да арыстан терісін сыпыра алады» секілді нақыл сөздерінің дидактикалық мазмұны өте терең, әрі көп идеялы болды. 1391 жылы 70 жастағы Сараи парсы ақыны Сағдидың «Гүлистан» деген поэмасын түркі тіліне аударды. Бұл шығарманы аудару барысында да адалдық, шынайылық, жомарттықты терең сөз етті. «Егер ұлылық күтсең, жомарт бол, жомарт бол, сонда ғана қайырымдылық пен мейірімділік, еңбек пен парасаттылық биігіне көтеріле аласың», — деп тұжырымдады.

Асан Қайғы — жырау, халықтық дәстүрмен өмір мәні, қайырымдылық пен зұлымдық, жақсы және жаман адам туралы толғанады. Өз халқын бейбіт, ортақ келісімге, адал, қайырымды, ақылды, парасатты болуға шақырады. Асан Қайғы есімі тек Қазақстанға ғана емес, қырғыз, қарақалпақ және

т.б. белгілі болған. Жерұйықты іздеп жүріп, Асан Қайғы әр жердің өзіндік ерекшеліктеріне байланысты көптеген сөздер жазып қалдырған.

Өмірдегі өзара үйлесу жолы — барлық жанды затқа махаббат пен рақымдылық жасау. «Барлық жаны барға аяушылық танытып, оны бағалау және сыйлап, құрметтеу қажет». «Біз жақсы, мейірімді сөздерімізді айтып үлгере алмасақ — бұл бақытсыздық» деген тұжырымдары біз қарастырып отырған мәселеде зор маңызға ие.

Өмірді тану мен тұтас сезінуде дербес қасиетке ие жырау өмір мәні деп барлық жалпы игілікке жету, өмірдегі келісім мен үйлесімділікті ұғынып, түсіндіреді. «Бірақ халықтың аты халық. Егер түнерсе, ашу-ызалы екені түсінікті, ал, оны күштеу ашу-ызасын оятып, өзін де көтерілуге итермелейді», — дейді.

Орта ғасырда Қазақстанның жалпы қоғамдық ойы тарихындағы жарқын да беделді өкілдің бірі — Шалкиіз жырау. Адамдар арасындағы өзара қарым-қатынас туралы қызықты ой-толғамдарын жеткізеді. «Сен өз адамыңды қорлама, егер қорласаң, олардан қолдау таппайсың» деген толғаулары арқылы терең тәлімдік мазмұнға толы [4; 116].

Қазақтың сұлтаны Ораз Мұхамедтің кеңесшісі Қ.Жалаири 1570–1605 жылдары өмір сүріп, «Жамағат тауарих» («Шежірелер тарихы») атты тарихи шығарма жазды. Шығарманы орыс монархы Иван Грозныйға арнады. Білім — баға жетпес қазына, өмірдегі бар жақсылық білімде. «Кімде-кім білімді меңгере алса, көңілді болса, сол бай болады» деген ой мазмұндалды [4; 120].

Бұдан ары Қадырғали Жалаири тек бірлік пен адамдардың арасындағы келісім ғана қоғамда маңызға ие бола алады екен. «Ешкім де ажалсыз емес, бір өзеннің суын жалғыз іше алмайды», «Кім көп нәрсені меңгеріп, тани алса, сол өзіне жағдай жасай алады немесе оны табыстар күтеді», ол жамандықтан арылып, игілікке жете алады» деп тұжырымдады [4; 131].

Біз атаған ғалымдар тұжырымдары тарихтың өтпелі сәттері тек жана дарындарды туғызып қоймайды, шынайылықты жаңаша сезінуге жағдай жасайды дегенді қорытады. Осы орайда ұлттың педагогикалық мұратына XVIII ғасырда өмір сүрген Бұқар жырау да әсер етпей қалмады. Оның көреген көзқарасы көшпелі қазақтардың тұрмысын жаңаша тануға жол ашты. Педагогикалық көзқарас тұрғысынан Бұқар жыраудың «Тілек», «Толғау» шығармалары зор мазмұнға ие және ұлы даланың жаңа адамдардың қалыптастыру идеясын көтерді.

Жырау кең өмір ағынында бірден екі жағаны көреді немесе философиялық тұрғыдан алғанда, адамдық тұрмыстың екі жағы — кейін оралу және болашаққа бару. Ол XVIII ғасырда қазақ даласындағы маңызды қоғамдық-саяси жағдайдың куәгері, Абылайдың ақылшысы болды. Бұқар жырау қазақтардың амандығы үшін, үш жүздің бірлігін сақтау үшін Ресеймен достық байланыста болуды қажет деп санап: «Достықпен көшіп-қонайық, өзара бірігейік», — деп санады [4; 142].

Мәселені мәдени-тарихи талдау Қазақстанда ағартушылық ойдың ерекше рөлі атқарғандығын көрсетеді. Ағартушылық ой — этникалық өзін-өзі танудың қалыптасу үдерісінде негізгі мәдени құндылықтарының бірі. Ағартушылық әлем бейнесін ашуға күшті әсер етті, айналадағы шындық туралы көзқарастың жеке жүйесі тұлғаға өзін табиғи, тұрмыстық ортамен етене ұқсауға көмектесті. Ағартушылық әрекеттің түрлі форма әсерімен және сезімдік айқын қарым-қатынастары арқылы адамдар талантты ақын-жыраулардың, тіпті көшпенді ғұмырда да жазу-сызусыз ауызша түрде ұлы ойшылдық әрекеттен нәр алды және танымдық қызығушылықтары мен қажеттіліктерін сақтап қалды.

Анағұрлым кейінірек Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов секілді ағартушылар ақын-жыраулардың еңбектерін айқындап, басқа халықтардың мәдениетіне жақындастыру үшін алғышарттар құрудағы рөлін атап өтті [9–15].

Шоқан Уәлиханов алғашқы қазақ зиялыларының бірі болды. Ол көшпелі өмір жағдайында қолданылған ағартушылықтың философиялық және әлеуметтік-педагогикалық ұстанымдарын негіздеді. Жалпыадамдық пен ұлттық құндылықтар ерекше үйлесімді негізделетін ізгілікті ағартушылықтың жақтаушысы болды. Ағартушылық жариялылықтың ұстанымдарына белсенді көңіл бөле отырып, ол өзінің «Жоңғария очерктері», «Қырғыздар», «Қытай империясының батыс өлкесі және Құлжа қаласы», «Сот реформалары туралы жазбалар» еңбегінде, Ф.М.Достоевскийге және А.Н.Майковке жазған хаттарында тек туған халқының тағдырына ғана емес, барлық адамзаттың тағдыры үшін алаңдап, өз ойын айтады. Шоқан Уәлиханов адам мен азаматты табиғаттың даму нәтижесі деп қарастырып, табиғат дамуы заңды құбылыс екендігі секілді қоғамдық өмір дамуы да тікелей табиғат заңдылықтарымен байланысты болады деп қорытады. Ұлы сахарада

мұсылманшылықтың таралуы туралы айта келіп, мәдениеттер арасындағы байланыстар үдерісімен тікелей байланысты қызықты педагогикалық бастамалар көтереді.

«Жалпы алғанда, — деп жазады ол, — қырғыз халқының алдында еуропалық өркениетке жетудің құрбандықты болашағы күтіп тұр». Шоқан Уәлиханов өз бойында шын мәнінде еуропалық білімділік пен Шығыс халықтарының мәдениеті жайлы терең түсінікті үйлестірді және қысқа ғұмырында жан-жақты шығармашылық мұра қалдырды. Бұдан ары «Сот реформасы жазбаларында» ол: «Біз еуропалық, жалпыодақтық ағартушылықты меңгердік деп ойлаймыз және кедергілерге толы энергиялық күрестер барлық даму мен мәдениетке қабілетті халықтар үшін ақырғы мақсатты құруы тиіс. Анығын айтқанда, қырғыз халқы анағұрлым бейбітшілікті сүйетін, халықтар қатарына жатады және орыс патшасының аздаған жабайы ұлттарының біріне саналады [9; 77].

Ағартушы-ұстаз, ғалым Шоқан Уәлихановтың (1835–1865) бай рухани мұрасы психологиялық-педагогикалық мазмұнға толы. Халықтық ерекшеліктердің көрінуін ғалым көп жоспарлы аспектіде түсіндіреді. Өз шығармаларында ол халықтың және басқа да ұлттардың тұрмыс, салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптары мен мәдениетін жан-жақты талдайды. Оның ойынша, ағартушылық сарын арқылы қазақтар дами түседі: «Халық дамуы мен қалыпты өсуі үшін ең алдымен азаттық пен білім керек. Бұл үшін оқу қажет», — деп түйеді ...» («Даладағы мұсылманшылық туралы») [9].

Шоқан Уәлихановтан кейінгі көрнекті ағартушы, педагог-ұстаз Ыбырай Алтынсариннің еңбегі ұшан-теңіз. Ол қазақ халқы үшін мектептік білім беру жүйесін әзірлеп, ұлттық мәдени даму үшін ағартушылық мекеменің рөліне ерекше мән берді. Біз оның педагогикалық қызметінен жалпы білімдік ілімдерді таратуға ұмтылып, қазақ халқына орыс мәдениетін жақындатуда үлес қосқанын ерекше атап өткіміз келеді. Оның атақты «Қырғыз хрестоматиясы» орыс әліпбиі негізінде құрастырылып, балаларға түсінікті тілде жазылды. Ауыз әдебиеті материалдары мен орыстың белгілі ағартушылары мен жазушыларының мәтіндерін аударып, тиімді қолданды. Сонымен қатар орыс жазушыларының мысалдары мен өлеңдерін аударды. «Асан мен Үсен» әңгімесі татар, орыс, башқұрт тіліне аударылды.

Ыбырай Алтынсарин қазақтың орта ғасырда шыққан алғашқыларының бірі болып, әдістемелік және дидактикалық аспектіде көп көңіл бөлді. Ол халықты достық қарым-қатынасқа шақырды. Сонымен қатар екі халық арасындағы ұқсастықты айқындады. «Қырғыздардан жақын әрекет еткен барлық орыстар қырғыз халқының орыстармен ұқсас екенін айғақтаған және қырғыздар мен орыс тұрғындарының арасында шынайы достық қатынастар аз емес болған. Осылай табиғи жақындасуы олардың құрылымындағы адамдық ұқсастықтың нәтижесі болса керек [10; 86]. Ыбырай Алтынсарин екі халық арасындағы ұқсастықты айқындай отырып: «Орыс және қазақ халқы тұрмысы, саулығы, тәжірибелік ақылы, діни және ұлттық ойлауы мен ізгі жүрегі мен сенімділігі жағынан ерекшеленеді», — деп тұжырымдайды [10; 92].

XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстан еуропа мәдениетін игере бастады, көшпенді халық педагогикалық ойларға ден қоя бастады, Ұлы даланың болашақ адамдарының үлгісі қалыптаса бастады. Діни сеніммен білімге өткен күрделі жауапкершілік кезең басталды. Абай Құнанбаев (1845–1904) өмір сүрген заманда жаңа педагогикалық мұраттың қалыптасуы басталды. Абай философиялық идеяларын зерттеуші Ғ.Есімнің айтуынша: «Абай қазақ халқының мәдениетін таратуда ерекше орын алды. Ол өзіне дейінгі рухани мұраны жинап, ұлттық мәдениетте жаңа бағыт қалдырды» [16].

Бұл тек қана қарапайым мұсылман қазақ емес, сонымен бірге еуропалық ағартушы, білімді өте белсенді меңгерген, өзіндік тағдыр сыйын иеленген адам болды. Ол уақытта тек білімді игеріп қана қоймай, шынайы өмірде көп мәдениетті қалыппен жүзеге асыру аса маңызды болды. Ол жалпыадамзаттық құндылықтарды өз халқының игілігіне жаратудың үлгісін көрсетті. «Адамдар басқа халықтың тілі мен мәдениетін меңгеру арқылы ұятқа қалмай және олармен терезесі тең адам болды». Абайдың бұл сөздері бүгінгі таңдағы тәуелсіз Қазақстанда мәдениетті тұлға тәрбиелеудің әдіснамалық алғышарттарына айналуға.

Шығыс халықтарының тілі мен әдебиетімен бала жасынан сусындаған Абай орыс тілін тек өскеннен кейін ғана меңгере бастады. Орыс тілінің көмегімен ол тек орыс мәдениетін ғана емес, батыс еуропалық мәдениетті де игерді. Ойшыл Абай А.Пушкин, М.Лермонтов, И.Крылов және әлем әдебиетінің басқа да классикалық шығармаларын қазақ тіліне әдемі аударды.

Ойымызды қорытар болсақ, Абай — көрнекті философ және ағартушы, оның көзқарастары бүгінгі педагогикалық қажеттіліктерге жауап береді және адамдарды жаңарту жолдарын іздестіреді, халықтың руханилығын көтеруге, оны жетілдіруге мол үлес қосатыны даусыз. Қазақ философиялық-педагогикалық ой тармақтарында ол сенімді түрде мәдени қатынастың және басқа

халықтың әріптестік қарым-қатынаста болуы өте қажет екенін айтып, оларды достыққа шақырады. Ол өзінің «Қара сөздерінде» қазақтың әлеуметтік-мәдени дамуы деңгейіне талдау жасап, өз кезінің өркениет дәрежесін қабылдау мүмкіндігін жан-жақты көрсетеді. Сонымен қатар Абай өзбек, орыс, татар халықтарының тұрмыс-тіршілігіне салыстырмалы талдау жасады. Осы айтылған Абайдың ізгілік жайлы ойлары әл-Фарабидің философиялық және педагогикалық көзқарастарымен ұштасып жатқанын айту керек. Әл-Фараби өз кезінде өскелең ұрпақ үшін білім мен тәрбие егіз ұштасуы қажет екенін айтқан болатын. «Тәрбиеміз берген білім — адамзаттың қас жауы», — деген де әл-Фараби еді.

Осы орайда әр кезеңде өмір сүрген ойшылдардың тұжырымдары мен пікірлері адамның тұтас тұлға ретінде қалыптасқан түрліше қырларының жүйелік негізделуіне үлес қосты. Осындай ойшылдардың табиғат пен адам психологиясының бағыттары, сана бірлігі мен әрекеті жайлы терең философиялық ойлары Қазақстанның ұлттық мектептерінде оқыту мен тәрбиелеу мазмұны мен мақсатын анықтауда белгілі бір әдіснамалық қызмет атқарды.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 *Ананьев Б.Г.* Педагогическая антропология К.Д.Ушинского и её современное значение // Вопросы психологии. — 1969. — № 2. — 3–14-б.
- 2 *Выготский Л.С.* История развития высших психических функций / Собр. соч.: 6 т. — М.: Наука, 1983. — Т. 6. — 397 б.
- 3 *Темирбеков С.Т.* Об одной фундаментальной ценности. — М.: Мысль, 1999. — № 7. — С. 24–26.
- 4 Антология педагогической мысли Казахстана // Сост. К.Б.Жарикбаев, С.К.Калиев. — Алматы: Ана тілі, 1995. — 512 с.
- 5 *Әл-Фараби.* Социально-этические трактаты. — Алма-Ата: Наука, 1973. — 399 с.
- 6 *Баласагуни Ю.* Благодатное знание. — М.: Наука, 1983. — С. 67.
- 7 *Қашғари М.* Түбі бір түркі тілі / Ауд.: Қ.Бекетаев, Ә.Ибатов. — Алматы: Ана тілі, 1993. — 427 б.
- 8 *Иассауи Қ.А.* Диуани хикмет. — Алматы: Ана тілі, 1993. — 28-б.
- 9 *Уалиханов Ш.* Записки о судебной реформе // Собр. соч. / Вступ. ст. А.Х.Маргулана. — М., 1986. — С. 69.
- 10 *Алтынсарин И.* Собрание сочинений: В 3-т. — Т. 2. — Алма-Ата: Наука, 1979. — С. 7.
- 11 *Кунанбаев Абай.* Слова назидания. — Алматы: Рауан, 1995. — 128 с.
- 12 *Кудайбердиев Ш.* Избранные места из «Назиданий». — Алматы: Наука, 1978. — 123 с.
- 13 *Байтұрсынов А.* Ак жол. — Алматы: Жалын, 1941. — 464 б.
- 14 *Жұмабаев М.* Педагогика. — Алматы: Рауан, 1993. — 113 с.
- 15 *Дулатов М.* Нужна ли нам новая идеология? // Аль-Фараби. — № 4. — Алматы: Жалын, 2003. — С. 34–44.
- 16 *Есим Г.* Философия слов. — Алматы: Жалын, 2005. — С. 3.

Г.Б.Исабекова, К.Т.Атемова

### Формирование многоязыковой личности в условиях национальной культурной среды

В статье рассматривается проблема становления личности в Казахской степи. Описаны поликультурность, многоязычие в индивидуальном бытии. Анализируется языковое мастерство Аль-Фараби, Ж.Баласагуни, М.Кашкари, К.Ясави, Ч.Валиханова, И.Алтынсарина и других. Авторами показаны жизненный путь великих личностей, значимость их творчества для поколений и для развития человечества. Выделены особенности влияния на формирование многоязыковой личности в условиях национальной культурной среды. Владение несколькими языками, подчеркнуто авторами, является основой знания нескольких культур.

G.B.Issabekova, K.T.Atemova

### **Formation of multilingual individual in condition of national cultural area**

The article is devoted to the problem of formation of the person in the Kazakh steppe, vital knowledge and pedagogical heritage, describes multiculturalism, multilingualism in the individual being. It analyzes the work and teaching in their environment, the impact and results of language proficiency Al - Farabi, J.Balasaguni, M.Kashkari, K.Yasavi, Ch.Valihanov, I.Altynsarin and others. The life of great personalities and ideas of their work for the generation and for the development of mankind, describes heritage which are interconnected with each other. The features of influence on the formation of a multilingual person in the conditions of the national cultural environment. Also states that knowledge of several languages is the basis of knowledge of several cultures.

#### References

- 1 Anan'ev B.G. *Questions of psychology*, 1969, 2, p. 3–14.
- 2 Vigotsky L.S. *History of high psychological functions*: Collection of 6 t., Moscow: Nauka, 1983, 6, 397 p.
- 3 Temirbekov S.T. *About one fundamental value*, Moscow: Mysl, 1999, 7, p. 24–26.
- 4 *Anthology of pedagogical thoughts of Kazakhstan* // Authors K.B.Zharikbaev, S.K.Kaliev, Almaty: Ana tily, 1995, 512 p.
- 5 Al-Farabi. *Social-ethnic tracts*, Alma-Ata: Nauka, 1973, 399 p.
- 6 Balasaguni Yu. *Good health*, Moscow: Nauka, 1983, 67 p.
- 7 Kashkary M. *General language of Turkic language* / Transl. K.Beketaev, A.Ibatov, Almaty: Ana tily, 1993, 427 p.
- 8 Yassawi Kh.A. *Diyuany khikmet*, Almaty: Ana tily, 1993, p. 28.
- 9 Ualikhanov Sh. *Notes about court reforms*: Collections of articles A.Kh.Margulan, Moscow, 1986, p. 64.
- 10 Altynsarin I. *Collections of works*: in 3 t., Alma-Aty: Nauka, 1979, 2, p. 7.
- 11 Kunanbaev A. *Words of edification*, Almaty: Rauan, 1995, 128 p.
- 12 Kudayberdiev Sh. *Edification*, Almaty: Nauka, 1978, 123 p.
- 13 Baytursinov A. *Ak zhol*, Almaty: Zhalyn, 1941, 464 p.
- 14 Zhumabaev M. *Pedagogy*, Almaty: Rauan, 1993, 113 p.
- 15 Dulatov M. *Al-Farabi*, Almaty: Zhalyn, 2003, 4, p. 34–44.
- 16 Essim G. *Philosophy of words*, Almaty: Zhalyn, 2005, p. 3.